

ЖОСПАР

КІРІСПЕ	3
1 ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІНІҢ МӨНІ	5
1.1 Қаржыландырудың ұзақ мерзімді көздерін басқарудың маңызы мен рөлі	5
1.2 Кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтерінің құрамы және оларды қаржыландыру көздерін жетілдіру	9
2 «Сюcus Multimedia Services» ЖШС-нің ұзақ мерзімді қаржыландыру көздері және оларды басқару	21
2.1. «Сюcus Multimedia Services» ЖШС-нің техника экономикалық көрсеткіштерін және ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерін талдау	21
2.2 Жаңа технологияларды көзіндегі және инновациясы өндірісті дамытудағы корпорациялардың қаржыландыру саясатының рөлі	27
Қорытынды	36
Қолданылған әдебиеттер тізімі	38

КІРІСТЕ

Экономиканың негізгі секторы болып саналатын өнеркәсіпті қайта құрылымдау, кеңейту, қайта қаруландыру және жаңа индустриаландыру уақыт талабы болып отыр. Себебі, өнеркәсіп кез-келген мемлекет экономикасының түп қазығын құрайды десек, оны жоғары деңгейге көтеру үшін инновациялық-инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету бәсекеге қабілетті тауар өндіруге мүмкіндік берері сөзсіз.

Өйткені егемендік алғаннан кейінгі макроэкономикалық көрсеткіштерге назар аударсақ ұлттық экономикада 1998 жылдан бастап экономикалық өсу байқалды. Тіпті соңғы екі-үш жылда ЖІӨ-нің өсу деңгейі 10% көлемінде болып отыр. Бұл шама еліміз үшін үлкен жетістік, яғни әлем бойынша ЖІӨ өсімі бойынша басты орындардамыз.

Бірақта мұндай жетістіктерге жетуіміз жер қойнауымыздағы минералды қорымыздың бай болуымен және соңғы жылдары мұнай және метал бағасының өсуімен тікелей байланысты. Еліміз экономикасы әлі де Кеңес Одағы құрып кеткен шикізаттық негізде болып отыр. Ал дамыған елдердің қай-қайсысын алып қарамасақ олар шикізаттық өндірістен сервистік-технологиялық өндіріске өтіп кеткен, ал шикізаттық өндірістен даму жағынан артта қалған және дамушы елдер ғана айналысатын екен. Елбасы атап өткендей, еліміз жоғары дамыған елдер қатарына қосылу үшін және экономикалық шикізаттық өндіріске тікелей байланысты емес тұрақты экономикалық өсу үшін реформалар жүргізіліп және ұзақ мерзімді стратегиялар міндетті түрде керек болды.

Сондықтан күрестік жұмыс тақырыбын өзекті мәселенің бірі болып отырған «Ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерін жетілдіру» деп алдық.

Бұл тақырыптың өзектілігі Қазақстан өнеркәсібіндегі қызмет ететін кәсіпорындарды қайта құрудың, техникалық қайта қаруландырудың қажеттігі жоғары шамада туындап отырған ол ұлттық машина жасау өнеркәсіп орындарының жағдайы болып табылады. Өйткені бүгінгі таңдағы машина жасау өнеркәсібі біздің елімізде ғана емес, сондай-ақ дамыған шетелдердің өзінде де өте күрделі, қайта қаруландыру мен жаңа технологияларды енгізуді қажет ететін басты салалардың бірі болып табылады.

Жұмысты орындау барысындағы негізгі мақсат болып экономиканың нақты секторын инвестициялау, қайта құру мен жаңа технологиялармен қаруландырудың экономикалық тиімділігін, оның жүргізілу барысын және қайта қаруландыруға инвестиция мен инновацияның маңыздылығын ашу, осы аталғандардың Қазақстандағы жүргізілу барысы мен мәселелерін жетілдіру жолдарын талдау мен ұсыну болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қарастырылады:

- Ұлттық нақты секторды қайта құру мен кеңейтудің қажеттігі мен жүргізілу кезеңдерін талдау мен жанжақты зерттеу;

- Өнеркәсіп саласында қызмет ететін кәсіпорындардың бүгінгі таңдағы жағдайы мен шешімі қажет ететін мәселелерін анықтау;
- Инновация мен инвестициялық саясат өнеркәсіпті тиімді қайта құрудың және түбегейлі дамуға апаратын құрылымдау формалары ретінде қарастырылуы;
- Қазақстан өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың жағдайы мен оларды құрылымдау барысын, орын алып отырған мәселелерді талдау болып табылады.

Жұмыстың құрылымына келетін болсақ, бірінші бөлімде өнеркәсіпті қайта құрудың, кеңейтудің маңыздылығы және оны іске асырудағы инновацияның маңыздығы қарастырылса, ал екінші бөлімде Қазақстанның бүгінгі өнеркәсіптік жағдайы, даму мәселелері мен шешу жолдары және өнеркәсіптік корпорацияларды қаржыландыру мен инвестициялау саясатын талдау «Мақтарал» АҚ мысалында қарастырылды.

1 ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІНІҢ МӘНІ

1.1 Қаржыландырудың ұзақ мерзімді көздерін басқарудың маңызды мән ролі

Ұзақ мерзімді активтер деп – кәсіпорынның шаруашылық қызметінде бір жылдан артық мерзімге пайдаланылатын және қайта сатып-өткізуге жатпайтын құралдарды айтады. Егер қандай да бір құндылықтар қайта сатып-өткізуге арналған болса, оларды тауарлы-материалдық босалқыларға, яғни айналым құралдарына жатқызу қажет. Ұзақ мерзімді активтерге: Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық берешек, жыпсымайтын мүлікке инвестициялар, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, өзге ұзақ мерзімді активтер жатады.

Мысалы, сатып-өткізу үшін жасалынған жазу столы оны жасаушы кәсіпорын үшін айналым құралы болып табылады, ал оны өзінің шаруашылық қызметіне пайдалану үшін сатып алған кәсіпорынның негізгі құралдарының бір бөлігін құрайды.

Ұзақ мерзімді активтерді мынадай категорияларға жіктеуге болады:

- Материалдық активтер (негізгі құралдар, табиғи ресурстар)
- Материалдық емес активтер.

Материалдық активтердің табиғи натуралдық нысаны бар. Мысалы, оларға жерді жатқызуға болады. Жердің пайдалану мерзімі шексіз болғандықтан, оған амортизация (тозу) есептелінбейді. Ғимараттар, құрал-жабдықтар, құрылыстар амортизациялауға жатады, яғни пайдалану мерзімі ішінде олардың құнын бөліп-тарату үшін тозу есептелінеді. Тозудың есебі бағалау процесі емес, бөліп тарату процесі болып табылатындығын есте сақтау қажет. Бұл мәселелердің барлығы осы тауардың желесі параграфында егжей-тегжейлі қарастырылады.

Кесте 1 - Шоттар жұмыс жостарынан үзінді

2010	■ Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
	■ Ұзақ мерзімді қаржылық қарыздар
2020	■ Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
2040	■ Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер
2110	■ Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
	■ Сатып алушылар мен тапсырушылардың ұзақ мерзімді берешегі
2150	■ Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2160	■ Жардаму бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2170	■ Алтуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
2180	■ Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2310	■ Жыпсымайтын мүлікке инвестициялар
	■ Жыпсымайтын мүлікке инвестициялар
2320	■ Инвестициялардың амортизациясы және құнсыздықсуы
2410	■ Негізгі құралдар

2411	▪ Жер
2412	▪ Ембараттар
2413	▪ Машиналар мен жабдықтар
2414	▪ Көлік құралдары
2415	▪ Компьютерлер, перифериялық қондырғылар және жөніндегі жабдық
2416	▪ Кеңсе жиһазы
2417	▪ Өндірістік құрал-саймандар мен керек-жарақтар
2420	▪ Негізгі құралдардың амортизациясы және құнысызғаны
2421	▪ Тоғуы
2422	▪ Ембараттардың құнысыз дауы
2423	▪ Машиналар мен жабдықтардың тоғуы
2424	▪ Машиналар мен жабдықтардың құнысыз дауы
2425	▪ Көлік құралдарының тоғуы
2426	▪ Көлік құралдарының құнысыз дауы
2427	▪ Компьютерлер мен перифериялық қондырғылардың тоғуы
2428	▪ Кеңсе жиһазының тоғуы
2429	▪ Өндірістік құрал-саймандар мен керек-жарақтардың тоғуы
2730	▪ Материалдық емес активтер
	▪ Өзге материалдық емес активтер
2740	▪ Өзге материалдық емес активтердің тоғуы
2741	▪ Өзге материалдық емес активтердің құнысыз дауы
2810	▪ Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер
2910	▪ Өзге ұзақ мерзімді активтер
	▪ Берілген ұзақ мерзімді аванстар
2920	▪ Алдағы кезеңдердің шығыстары
2930	▪ Алынбаған құрылыс
2940	▪ Өзге ұзақ мерзімді активтер

Бухгалтерлік есептің 28 «Материалдық емес активтердің есебі» стандарттарына сәйкес материалдық емес актив осы анықтамаға және төмендегі талаптарға сай келгенде ғана актив ретінде танылады (есепке алынады):

- Егер субъектінің келешекте тікелей осы объектіге байланысты экономикалық пайда табуының ықтималдығы жоғары болса;
- Егер активтің құны дұрыс анықталса.

Егер де материалдық емес активтің келешек экономикалық табыстың көбеюіндегі рөлі анықталған болса, активтің бұл түрін субъектінің пайдалану қабілеті және ниеті бар болса, сондай-ақ субъектіге келешек экономикалық табыс алуға мүддендік беретін техникалық, қаржы және басқа ресурстары бар болса, ондай жағдайларда бұл материалдық емес актив пен тікелей байланысты келешек экономикалық табыстар алынады.

Материалдық емес активтерге ғылыми, әдеби, көркем шығармаларға және шектес құқықтар объектілеріне, электрондық есептеу машиналарының бағдарламаларына және тағы басқаларға авторлық басқа келісім-шарттардан

туындайтын құқықтар, патенттер, өндірістік үлгілер, белгілері (таңбалары), лицензиялық келісімдер, ау-хау, ұйымдастыру шығындары, гудвиль (фирма базасы), жекелеген табиғи объектілерді (жер учаскелерін, табиғат ресурстарын, су, қазба байлықтар және т.б.) пайдалану құқықтары жағалай.

Төменде материалдық емес активтердің кейбір түрлерінің анықтамасын келтірейміз.

Материалдық емес активтердің негізгі айрықша ерекшелігі болып олардың материалдық формаларының жоқтығы, яғни сезілмейтіндігі («материалдық емес» деген сөз латын тілінен шыққан, «тигізу, сезіну» мағынасын білдіреді). Осы атаған ерекшелігі олардың есебін жүргізуде қиындықтар тудырады, яғни материалдық емес активтердің физикалық сапасының болмауы – оларды бағалауды, құнын нақтылауды, экономикалық қызмет ету ұзақтығын және оларды пайдалану арқылы болашақ экономикалық пайданы анықтауды біршама қиындатады.

Бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес материалдық емес активтер дегеніміз – нақты физикалық нысаны жоқ, ұйымның өндіріс процесі мен тауарлар және қызметтерді ұсату кезінде, сонымен қатар әкімшілік мақсаттарда, жалға беруде ұзақ уақыт пайдаланылатын ақшалы емес активтер.

Материалдық емес активтердің есебі материалдар есебінің ұстандары сияқты ұстандарға негізделіп жүргізіледі.

Материалдық емес активтерді жіктеудің негізгі белгілері болып оларды сатып алудың тәртіптері (анықтамалығы), жекеше есеп бірлігіне бөлінетіндігі, айырбасталатындығы, болашақтағы тиімділікті алудың мерзімі саналады.

Авторлық құқық - әдебиет, музыка, өнер саласындағы шығармалар үшін авторларға берілген және заңмен қорғалатын құқықтық нысан. Авторлық құқық иелеріне - өздерінің жұмыстарын басып шығаруға, қайтадан басып шығаруға, көбейтуге және сатуға, сондай-ақ өнерлерін орындауға, жазуға ерекше құқық беріледі. Авторлық құқық сату және сатып алудың объектілері болып саналады. Авторлық құқық бухгалтерлік есепте оларды сатып алуға жұмсалған нақты шығындардың деңгейінде мойындалады. Мысалы, шығарушы (издатель) бірнеше жыл бойы тек өзінің баспасында әдеби кітапты басып шығару құқығын алу үшін, оның авторына 1 млн немесе одан да жоғары теңге төлеуі мүмкін. Авторлық құқықтың бастапқы құны нақты жұмсалған шығындар бойынша анықталады. Авторлық құқықтың амортизациясы оның заңды қызмет ету мерзімімен, не болмаса бухгалтерлік бағалауға сәйкес анықталады.

Тауар таңбалары және (немесе) тауар атаулары – бір басқа ұйымдардың таныс пайдалануынан қорғайтын және олардың біртектес тауарлары мен қызметтерінен айыра алатын қабілеті бар атауларды, таңбаларды немесе басқа да анықтаушы белгілерді атаймыз. Олар иелік етуді негіздеу үшін тіркелуі мүмкін. Тіркелген тауар таңбалары немесе атаулары олардың қызмет ету мерзімін белгілі бір уақытқа ұзарту мақсатында қайтадан

жаңартылуы мүмкін. Сатып алынған тауар белгілерінің бастапқы құны оларды сатып алуға байланысты шығындар негізінде, ал ұйымның өз күшімен жасалған болса, онда өңдеу, тарату және оларды жоюға шығындарының негізінде анықталады.

Компьютерлер үшін бағдарламалық қамсыздандырулар – пайдалануға, сатуға, жалға беруге немесе сатудың басқа түрлері арқылы өткізуге арналған мәліметтерді өңдеу және бағдарламалық құжаттамалар жүйесінің жиынтығы. Компьютерлер үшін бағдарламалық қамсыздандыруларды материалдық емес активтер ретінде мойындау үшін олар айрықша болып, өндірісте не болмаса әкімшілік мақсатта пайдаланылуы керек немесе басқа тұлғаларға жалға берілуі керек.

Франчайз – бұл бір ұйымның өз меншігіндегі негізгі құралдарың, тауар таңбаларың сондай-ақ басқа да материалдық және материалдық емес активтерін олардың пайдалану бағытың, белгілі бір сапалық стандарттарын жоймай пайдалану үшін екінші бір ұйымға беру құқығы. Бұл құқықты сатып алуға байланысты ұйымның шығындары капиталданып, берілген уақыт аралығында амортизацияланады немесе қызмет етіп отырған нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес пайдаланылуы шектеледі. Франшиза осы құқықты қаулаңдыратын құжат болып есептеледі.

Гудвилл – ұйымдарды қосу немесе біріктіру кезінде сатып алынған ұйым үшін төленген баға мен оның жеке есеп бірлігі болып саналатын таза активтерін бағалаған кезінде арасындағы айырма болып саналады. Гудвилл ұйымның барлық қызмет ету мерзімінде болады, бірақ ұйымды бүтіндей (толығымен) сату және сатып алу кезінде де тағайындалуы мүмкін. Гудвилл жеке есеп бірлігі болып бөліне алмайды, ол тек ұйымның басқа да материалдық және материалдық емес активтерімен бірге қызмет істейді. Гудвиллдің пайда болу себептері әр түрлі болады. Солардың ішінде ереже сыпатқа не болатындар – жабдықтау мен сатудың ерекше жүйелерінің қызмет етуі және айрықша тиімді жарнама, белгісіз бәсекелестердің өндірістік құпияларын (технологияларын) пайдалану, еңбекті тиімді ұйымдастыру, жоғары дәрежелі мамандардың, соның ішінде топ менеджерлердің бар болуы, белгісіз табиғи ресурстарды ашу және т.б. болып саналады.

Тауар белгілері (таңбалары) – белгілі бір субъектінің өндірістік өнімдерін немесе көрсететін қызметтерің басқа субъектілердегі біртекті тауарлар мен қызметтерден айыру үшін қолданылатын белгілер. Тауар белгісі оны көлденуші кәсіпорыңға өндіретін өнімдері мен көрсететін қызметін сол таңбамен белгілеу үшін ерекше құқық береді. Әдетте, тауар белгісі өндірістік немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғаның атына тіркеледі.

Лицензиялық келісімдер – патент иесінің өзінің контрагентіне патенттік құқықтарының белгілі бір пайдалануға, қандай да бір өнімдерді сатып өткізуге ерекше құқығы үшін лицензия беруге байланысты жасалынатын келісім-шарт. Яғни, лицензиялық келісімдерге лицензиялық келісім-шартпен өндірістік меншік объектісінің өзі емес тек оны пайдалану құқығы беріледі.

Өндірістік меншік объектісін пайдалану құқығын лицензиат белгілі бір мөлшерде төлем жасау арқылы сатып алады. Лицензиялық төлем-заңды немесе жеке тұлғаның меншік иесіне немесе бір нәрсені жасаушыға осы меншікті коммерциялық мақсаттарға пайдалану құқығы үшін жасайтын төлемі.

Бағдарламалық жабдықтауға электрондық есептеу машиналарына арналған бағдарламаларға авторлық құқықтар жатады. Бағдарламаға авторлық құқықпен жеке тұлға болып табылатын авторлық шығармашылық қызметінің нәтижесі бекітіледі. Материалдық емес активтердің бұл тобына мүліктік құқығы авторлық келісім-шартпен рәсімделген бағдарламалық өнімдерді жатқызу керек. Бағдарламалардың сауда орындарынан немесе тарағушылардан сатылып алынған (дискеттегі) данасына шығарылған шығындар және оларды орнатуға байланысты шығындар материалдық емес активтер құрамына есепке алынбайды, ондай шығындар кезеңдік шығындарға жатады.

1.2 Кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтерінің құрамы және оларды қаржыландыру көздерін желілдіру

Мүліктік авторлық құқық авторлық келісім-шарт жасау арқылы тапсырылады, сондықтан материалдық емес активтердің бұл түрін есепке алу келісім-шартпен расталуға тиісті.

Ноу-хау – субъектінің практикалық (тәжірибелік) қызметінде пайдаланылатын, бірақ әлі жалпы игілікке айналмаған ғылыми, техникалық, өндірістік, коммерциялық немесе басқадай сипаттағы әртүрлі білімдердің жиынтығы. Көп жағдайда ноу-хауды субъектінің құрылтайшылары мен қатысушылары оның жарғылық капиталына қосқан үлес ретінде береді.

Гудвилл (фирма бағасы) – фирманың іскерлік репутациясы. Фирма бағасы жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды тұжырыммен немесе оның құрылымдық бөлімшесін сатып алғанда пайда болады. Әдетте мұндай кәсіпорындар активтерінің баланстық құнымен емес нарықтық құнымен сатылып алынады. Нарықтың құн деңгейі кәсіпорынның табыстылығымен, өндіретін өнімнің базардағы мәртебесімен, салық төлеудегі жеңілдіктермен, басқару персоналының және қатардағы мамандардың квалификациялық деңгейімен және басқа да факторлармен байланысты болады. Кәсіпорынның сатып алу бағасының оның барлық активтерінің баланстық құнынан асып түскен айырмасы-фирма бағасы болып табылады.

Ұйымдастыру шығындары – субъектінің құрылуымен байланысты (мемлекеттік тіркеуден ету сәтіне дейінгі) шығындар. Ұйымдастыру шығындарына тіркеуден ету үшін қажетті құжаттарды дайындау шығындары; құжаттарды дайындау және тіркеуден өткізу процесіндегі кеңесші қызметінің төлемі бойынша шығындар; мемлекеттік тіркеуден ету үшін төленетін төлемдер; субъектінің шаруашылық қызметінің қандай

болмасын түрлеріне әртүрлі рұқсаттар алу үшін төленетін алымдар, акциялар шығару бойынша шығындар; міндетті ұйымдастыру төлемдері (құжаттарды нотариалдық растау, шарттарды, шарттарды дайындау, банкте шарт алу, құрылтай құжаттарын көбейтіп алу және тағы басқалар); басқадай шығындар жатады.

Бұхгалтерлік есептің 16 «Негізгі құралдар» деп аталатын қалықаралық қаржылық есеп беру стандартына сәйкес негізгі құралдар дегеніміз – кәсіпорында өнім өндіру, тауарларды тасымалдау немесе қызмет көрсету үшін, басқа кәсіпорынға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін пайдаланылатын және бір кезекпен (бір жылдан) артық мерзім ішінде пайдаланылады деп болжаланатын материалдық активтер.

Негізгі құралдарға кірмейтін мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеу және реттеу аспаптар мен қондырғылар, есептеу машиналары мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық еkle ағаштар, шаруашылықтың ішкі жолы, тағы да басқалар жатқызылады.

Негізгі құралдар объектісі төлендегі шарттарға сай келгенде ғана кәсіп ретінде тақыптуға (есепке алынуға) тиісті:

- егер кәсіпорынның активпен байланысты келешек экономикалық пайда алатындығына аса үлкен күтінмалдықтымен сендіру мүлкін болса;
- егер кәсіпорын үшін активтің өзіндік (бастапқы) құнын бекімізді түрде бағалау мүлкін болса.

Негізгі құралдар есебін ойдағыдай жүргізу үшін алдымен оларды жүйелі топтастыру қажет. Бұл жүйелі топтастырудың экономиканың барлық салаларында бірыңғай болғаны жөн.

Барлық негізгі құралдар өздерінің өндіріске қатысуына қарай өндірістік және өндірістік емес болып екі топқа бөлінеді. Өндірістік негізгі құралдар – деп өндіріске қызмет ететін, яғни пайдаланылатын негізгі құралдарды айтады. Оларға: өндіріске арналған үйлер, ғимараттар, өткізгіш тетіктер, құрылыс машиналары, көлік тасымалдау құралдары, әртүрлі станоктар, двигательдер, құрал-саймандар, өлшеуші аспаптар және тағы басқалары жатқызылады. Өндірістік емес негізгі құралдардың қатарына шаруашылықтың өндірістен басқа салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар жатқызылады. Оларға тұрмыстық үй-жай (коммуналдық) шаруашылығында, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар тағы да басқа негізгі құралдар жатады. Экономиканың салаларына және істейтін қызметтерінің түрлеріне қарай барлық негізгі құралдар: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, тасымалдау, байланыс, құрылыс, материалдық – техникалық жабдықтау және сату-өткізу кәсіпорындары, қоғамдық тамақтандыру, басқару органдары, әлеуметтік сақтандыру, ғылыми

және білім беру, ғылыми көмек көрсету және тағыда басқа салалар бойынша топтастырылады.

Негізгі құралдарды экономиканың салаларына қарай топтастырғанда кезде олардың қатысуымен шығарылған өнімдердің, болмаса орындалған жұмыстар мен қызметтердің шаруашылықтың қай түрінде жататындығы негізге алынады.

Егер шаруашылық субъектіндегі негізгі құралдардың бәрі тек қана субъектінің негізгі шаруашылығының түріне ғана қызмет көрсететін болса, онда бұл субъектіндегі негізгі құралдардың барлығы түгелімен сол шаруашылық субъектінің атқаратын қызметі саласындағы топқа жатқызылады.

Мысалы: өнеркәсіптік шаруашылық субъектіндегі өнеркәсіп өнімдерін өндіру процесіне тікелей байланысты негізгі құралдардың барлығы өнеркәсіп саласына жатқызылады.

Егер кәсіпорынның балансында оның негізгі қызметінен басқа салаларында қызмет атқаратын өндірістері мен бөлімшелері болса, онда осы бөлімшелер мен өндірістің атқаратын қызметтерінің сипатына сәйкес келетін экономика саласы қызметі түріндегі топқа жатқызылады.

Негізгі құралдар пайдалану мақсатында және атқаратын міндетті қызметіне қарай мынадай топтарға бөлінеді:

1. Жер (кәсіпорында пайдаланылатын барлық жер);
2. Өндірістік ғимараттар мен құрылыстар (астық қорғасы, мал қоралары, мұнай қоймалары, автомобиль гараждары, мал азығын сүрлейтін аралар, суландыру жүйелері, кең қоймалары);
3. Машиналар мен жабдықтар, өткізгіш тетіктер (тракторлар, күш бергіш қондырғылар, электр двигателдер, бұмен жұмыс істейтін двигателдер, топырақ өңдейтін, егін салатын, тұқым себетін және егін жинайтын машиналар мен құралдар, жем-шөп әзірлейтін машиналар, мал фермасының жабдықтары, электр жүйелері, жылу энергиясын немесе газ тәрізді заттарды өткізуге арналған құралдар, телефон және радио жүйелер);
4. Көлік құралдар (автокөліктердің барлық түрлері, автоприцептер, қайық және катерлер, мотоциклдер, велосипедтер, арба және шаналар);
5. Басқадай негізгі құралдар (құрал-саймандар, шаруашылық құрал-жабдықтар, өндірістік құрал-жабдықтар, өнім малы, көлжыпыртық екте ағаштар, тағы басқалар).

Негізгі құралдар қалпын меншігінде, келігінде екендігіне қарай меншікті, яғни кәсіпорынның өзіне тиісті және уақытша жалға алынған болып екіге бөлінеді. Қазіргі кезде пайдалану барысында қарай негізгі құралдар жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін және сақтауда тұрған – деп үш топқа бөлінеді.

Жұмыс істейтіндерге өндіріс процесіндегі, яғни қолданыстағы негізгі құралдар жатады.

Кәсіпорындарда негізгі құралдардың есебін дұрыс ұйымдастыру үшін оларды бағалау қағидалары үлкен рөл атқарады.

Бухгалтерлік есептің жоғарыда аталған халықаралық стандартында негізгі құралдарды бағалаудың мынадай түрлері белгіленген: өзіндік (бастапқы) құн, жойылу құны, амортизацияланушы (тозушы) құн, әділетті (сатып-өткізу) құн, баланстық құн.

Өзіндік құн – төленген ақша қаражаттарының немесе ақша қаражаттарының эквиваленттері не болмаса активті сатып алу немесе салу сәтінде оны алуға берілген басқадай төлемдер әділетті құны.

Амортизациялық құн – жойылу құнын алып тастағаннан кейінгі активтің өзіндік құны немесе өзіндік құнының орнына қаржылық қорытынды есепте көрсетілетін басқа сома.

Жойылу құны – негізгі құралдардың тиімді қызмет ету мерзімінің аяғындағы оны кәсіпорыннан шығаруға байланысты жұмсалатын шығындарды алып тастағаннан кейінгі алынбады деп күтілетін таза сома.

Әділетті құн – бір-бірінен жақсы хабардар тәуелсіз жақтардың арасында операцияны жүзеге асыру кезінде активті айырбастауға болатын сома.

Құнды төмендетуден шектен зиян – активтің (негізгі құралдың) баланстық құнының оның төленген құнынан артық сомасы.

Бухгалтерлік есептің 16-ші «Негізгі құралдар» деп аталатын халықаралық стандартына сәйкес актив ретінде табылуы (есепке алыну) мүлдем негізгі құралдар объектісі ең алғаш өзіндік (бастапқы) құны бойынша бағалануға тиісті.

Негізгі құралдар объектісінің өзіндік (бастапқы) құнына сатып алу бағасы, оның ішінде импорттық алым, сатып алуға байланысты орны толтырылмайтын салықтар, сондай-ақ активті белгілі бір мақсатқа пайдалану үшін оны жұмыс істейтін жағдайда жеткізуге байланысты тікелей шығындар кіреді; сатып алу бағасын анықтау кезінде кез-келген сауда жеңілдіктері алынып тасталынады.

Тікелей шығындарға төмендегідей шығындар жатады:

- Алаңды (жұмыс жүргізуге арналған учасютты) дайындау шығындары;
- Тасымалдау және түсірумен байланысты бастапқы шығындар;
- Орнатуға байланысты шығындар;
- Архитектуралардың және инженерлердің жұмыстары сияқты кәсіби қызмет көрсетудің құны;

Кәсіпорынның өзінде шығарылған (жасалынған) негізгі құралдардың құны активтерді сатып алу кезіндегі қағидалардың негізінде анықталады. Егер кәсіпорын тура сондай активтерді өзінің шаруашылық қызметі барысында сатып-өткізу үшін өндіретін болса, онда активтің құны, әдетте, оның өзіндік құнына тең болады. Сөйтіп, кез-келген ішкі таза табыс (пайда) сондай негізгі құралдардың құнын есептеу кезінде есепке алынбайды.


Кәсіпорынға есепке алынған негізгі құралдардың өзіндік (бастапқы) құндары тек мына жағдайларда ғана өзгертіледі:

- негізгі құралдардың пәздалы қызмет атқаратын мерзімін ұзартатындай немесе қысқартатындай оның жалпы жағдайына әсер ететін ірсылыша күрделі қаржы жұмсағанда (көзделткенде, жаңартқанда т.б.) немесе ішкіара болғанда, жойғанда және белгіктелгенде;

- негізгі құралдардың қайта бағаланғанда.

Негізгі құралдар алғаш есепке алынған кезде оның өзіндік (бастапқы) құны мен қалпына келтіру құны тең болады, себебі оны есепке алған уақыт пен қайта бағалау уақытының арасында айырмашылық жоқ. Уақыт өткен сайын негізгі құралды өндіруге, салуға жұмсалынатын материалдың бағасы және ол үшін қолданылатын техниканың шығыны, жұмысшылардың еңбек ақысы жалпы негізгі құралды өндіру, салу жағдайы белгілі – бір себептермен өзгеріп отырады.

Осыған байланысты есепті мерзімге негізгі құралдардың баланстық құнының әділетті (нарықтық) құннан елеулі айырмашылығы болмау үшін кәсіпорында негізгі құралдарды қайта бағалау түрі қажет. Негізгі құралдарды қайтадан бағалау кезінде оның осы кездегі әділетті құны анықталады. Егер машиналар мен жабдықтардың ерекше сипатының болуына байланысты олардың нарықтық құны жөніндегі ақпараттар болмаса, не болмаса белгілі активтер сирек сатылатын болса, онда олар тозуды алып тастағаннан кейінгі жаңғырту құны бойынша бағаланады.



1 сызба. Негізгі құралдардың жіктелу сызбасы

Мүлікке көрінісі бар, яғни санауға және өлшеуге болатындар жатады. Мүліктік еместерге пайдаланылатын жер, орман алқабы, су ресурстары жатады.

Кәсіпорында негізгі құралдардың есебін дұрыс ұйымдастыру үшін оларды бағалау принципі үлкен роль атқарады.

Бухгалтерлік есептің жоғарыда аталған қалықаралық стандарттарында негізгі құралдарды бағалаудың түрлері келесі 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте

Негізгі құралдарды бағалаудың түрлері

№	Атауы	Мазмұны
1.	Өзіндік (Бастапқы) құн	Төленген ақша қаражаттарының немесе ақша қаражаттарының эквиваленттері не болмаса активті сатып алу немесе салу сәтінде оны алуға берілген басқадай төлемдердің өділетті құны.
2.	Амортизацияланушы (тозушы) құн	Жойылу құнын алып тастағаннан кейінгі активтің өзіндік құны немесе өзіндік құнның орнына қаржылық қорытынды есепте көрсетілетін басқа сома.
3.	Жойылу құны	Негізгі құралдардың тиімді қызмет ету мерзімінің аяғында оны кәсіпорыннан шығаруға байланысты жұмсалатын шығындарды алып тастағаннан кейінгі алынады деп күтілетін таза сома.
4.	Өділетті (сатып-өткізу) құн	Бір-бірінен жақсы хабардар тәуелсіз жақтардың арасында операцияны жүзеге асыру кезінде активті айырбастауға болатын сома.
5.	Баланстық құн	Жинақталған тозу мен құнды төмендетуден шекпен зиянды алып тастағаннан кейінгі актив (негізгі құралдар (баланста есепке алынатын сома.

Негізгі құралдар бухгалтерлік есепте бастапқы құны бойынша кіріске алу сәтінде көрсетіледі. Оған барлық қажетті нақты өндірістік шығындар, негізгі құралдарды орнату және сатып алу шығындары, соның ішінде:

- Сатып алу кезінде төленген өтелмейтін салықтар мен ақылар;
- Жеткізу, монтаждау, орнату, пайдалануға қосу жөніндегі шығындар;
- Құрылыс мерзіміне берілген несие үшін проценттер;
- Активті жұмыс жағдайына келтіруге байланысты басқа да шығындар жатады.

Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдардың өзіндік құнының өсімі шоттар жұмыс жоспарындағы 2410 «Негізгі құралдар» бөлімшесінің тиісті шоттарының дебетіне және 5321 «Негізгі құралдарды қайта бағалаудан резерв» шотының кредитіне жазылады.

Қайта бағалау жүргізілген күні кәсіпорында негізгі құралдарға есептелінген тозу сомасы олардың құндарының өлгеруіне қарай түзетіледі. Қайта бағалау сомасы негізгі құралдардың пайдалану мерзіміне қарай субъектіде қолданылатын амортизациялық аударым сомасын есептеу әдісіне сәйкес анықталған мөлшерде бөлінбеген табысқа апарылып отырылады. Қайта бағалаудың барлық сомасы бөлінбеген табысқа актив есептен шығарылған сәтте ғана ауыстырылады.

Бухгалтерлік есепте негізгі құралдар бүтіндей теңгеге айналдырылған сомада әрбір инвентарлық объект бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың есебін жүргізуде екі маңызды міндет айқындалады.

Бірінші – ағымдағы есеп беру мерзімінде негізгі құралдар құнының қандай бөлігі шығынға жатқызылатындығы айқындалады.

Екінші – баланста көрсетілетін қалдық (баланстық) құнды есептеу.

Негізгі құралдар кәсіпорынға мынадай тәсілдермен (жолдармен) алынса мүлкі:

- Нақты ақша қаражаттарына сатылып алынады;
- Несиеге алынады;

• Кәсіпорынның жарғылық капиталына салынған салым ретінде (акцияларына айырбастау жолымен) алынады;

• Басқа кәсіпорындардың, мемлекеттік органдардың берген сыйы ретінде (тегін) алынады;

• Салу (күру), жасау арқылы алынады;

• Басқа активтерге айырбастау арқылы алынады.

Кәсіпорынға қабылданған негізгі құралдар «Негізгі құралдарды қабылдау – талпыру актісін» (№ НК-1 нысанындағы) толтыру арқылы кіріске алынады. Бұл актіде кіріске қабылданып отырған негізгі құралдар туралы мәліметтер түгел көрсетіледі. Мысалы, құрылысы біткен ғимараттарды қабылдағанда мына мәліметтер: ғимараттардың жалпы ауданы, фундаменгі, қабырғасы мен едендерінің салынған жылы, көзге түскен кемшіліктері көрсетіледі. Қабылданған объектілердің әрқайсысына жеке инвентарлық нөмір бекітіледі. Акт тиісті комиссиямен толтырылады. Кәсіпорында негізгі құралдың есебін дұрыс жүргізу және олардың тиісті түрде сақталуын қамтамасыз ету үшін негізгі құралдың әрбір түріне инвентарлық нөмір беріледі. Олар тұрақты түрде белгіленеді. Инвентарлық нөмір негізгі құралға бекітілген жетіне немесе құралдың өзіне болумен жазылады.

Кәсіпорынның бухгалтериясында негізгі құралдардың инвентарлық объектілері бойынша есебі тиіттік нысандағы мүлктік (инвентарлық) карточкаларда жүргізіледі (№ НК-6 нысанындағы).

Кәсіпорынға қабылданған негізгі құралдар шоттар жұмыс жоспарының «Негізгі құралдар» бөлімілесінің тиісті синтетикалық шоттарының дебеті бойынша кіріске алынады.

Жерді сатып алу кезінде оның құнының басқа төленетін қосымша шығындар жиі пайда болып отырады. Бұл шығындарды жердің құны сияқты «Жер» шотының дебетінде көрсету керек. Ондай шығындарға: агенттерге төленетін ақы, адвокаттар қызметінің төлемі, сатып алушы төлейтін салық сомасы, жерді құрғату, тазалау, тегістеу шығындары жатады.

Дайын ғимараттарды сатып алу кезінде оның өзіндік құнына сатып алу базасы жөндеуге және басқада ғимаратты жұмыс істейтін жағдайда жеткізу үшін жұмсалған шығындар кіреді. Егер фирма ғимаратты өзі салатын болса, онда оның өзіндік (бастапқы) құнына барлық қажетті шығындар (материалдар, еңбек ақы, сәулетші қызметінің ақысы, құрылыс жүргізу мерзіміндегі сақтандыру шығындары, құрылыс жүргізу мерзімі ішіндегі объектіге берілген несиені бойынша процент (үстеме), құрылыс жүргізуге берілген рұқсаттың құны) кіреді. Егер ғимаратты салу кезінде мердігерлердің қызметі қажет болса, онда оның өзіндік (бастапқы) құнына келісім базасымен бірге салынып жатқан объектіні пайдалануға беруге қажетті шығындар да кіргізіледі.

Құрал-жабдықтардың құны оны сатып алуға және жұмысқа дайындауға байланысты барлық шығындар (шот-фактура бойынша құны, сақтандыру шығындары, салық сомасы, сатып алуға байланысты шығындар, монтаждау құны және құрал-жабдықтың жарамдылығын тексеру мақсатында жүргізілетін сынақтың бағасы) кіреді.

Кейде жер және басқа объектілер сома бойынша сатып алынады. Қандайда болмасын жеке объект үшін емес, олардың жиынтығы үшін төленетін сома. Жерге амортизациялық аударым сомасының есептелінбеуіне байланысты, ол бухгалтерлік есепте жеке синтетикалық шотта көрсетіледі. Осы себептен сатып алудың бағасы жермен онда тұрған ғимараттың арасында пропорционалды түрде бөлінуі тиісті.

Шаруашылық жүргізуші субъектідегі негізгі құралдардың барлық түрі шаруашылық процесіне қатыса отырып, бірте-бірте тозады, яғни бастапқы сапасын жоғалтады. Сөйтіп белгілі бір уақыт өткеннен кейін жұмыс істеуге жарамсыз қалады да оларды жарнамен алмастыруға тура келеді.

Тозу дегеніміз – негізгі құралдардың табиғи және сапалық сипатын (қасиетін) жоғалтуы.

Негізгі құралдардың тозуы табиғи және сапалық тозу деп екіге бөлінеді. Негізгі құралдардың табиғи тозуы материалдық жағынан тозуы болып табылады. Жұмыс процесінде машиналар мен құралдардың жеке бөлшектері қажалады. Үйлер мен құрылыстар тозығы жетіп құлауға айналады. Негізгі құралдардың табиғи тозуы олардың барынша көп пайдалануға ғана байланысты емес, сонымен қатар басқа табиғи факторлардың әсерінен де болады. Негізгі құралдардың сапалық тозуы машиналармен құралдардың толық табиғи тозығы жетпей-ақ құнсызданып, өндіріс процессінен шығып

қалатындығы болып табылады. Бұл ең алдымен техникалық процесінің нәтижесі. Техникалық процесінің нәтижесінде біршама арзан және өнімді машиналар пайда болып жұмысты арзан, шапшаң және сапалы орындауға мүмкіндік береді. Мұның өзі бұрын қолданып келген машиналарды табиғи тозығы жетпей әкескеріп, құныздануына әкеліп соқтырады.

Бухгалтерлік есептің 16 «Негізгі құралдар» деп аталатын қалықаралық стандартына сәйкес, тозу деп – негізгі құралдың тозушы (тозған бөлігінің) құнын оның тиімді қызмет ету мерзімі ішінде жүйелі түрде бөліп таратуды айтады. Яғни, негізгі құралдар объектісінің тозған бөлігінің сомасы оның тиімді қызмет ету мерзімі ішінде жүйелі түрде есептен шығарылуға тиісті.

Негізгі құралдардың тиімді қызмет ету мерзімі дегеніміз – актив кәсіпорында пайдаланылады деп күтілетін кезең не болмаса активті пайдаланудан алынады деп күтілетін өнім бірліктерінің немесе сол сияқты көрсеткіштердің саны.

Негізгі құралдар объектісінің тиімді қызмет ету мерзімі кезең сайын қайта қаралып отыруға тиісті және де егер болжамдардың бұрынғы бағалаулардан елеулі айырмашылығы болса, ағымдағы және алдағы кезеңдерде тозуға жасалынатын аударым сомасы түзетілуіне тиісті.

Барлық кәсіпорындар өздерінің негізгі құралдарының тозу дәрежесін анықтап және оны есептеп шығарып отырады.

Негізгі құралдар (ғимараттар, машиналар, көлік құралдары, т.б.) шаруашылық процесінде пайдалану нәтижесінде бірте-бірте тозуына байланысты құндарын өздерінің көмегімен өндіретін өнімдерге біртіндеп ауыстырып отырады. Бұл процесс «амортизация» - деп аталады.

Бухгалтерлік есептің №6 «Негізгі құралдардың есебі» деп аталатын ұлттық стандартына және №16-«Негізгі құралдар» деп аталатын қаржылық есеп беру қалықаралық стандартына сәйкес амортизация дегеніміз – активтердің амортизацияланған құнын олардың пайдалану мерзімі ішінде тұрақты таратып отыратын тозудың ақшалай көрінісі.

Негізгі құралдардың қайта қалпына келтіру үшін олардың тозған бөлігінің құны дайын өнімнің өзіндік құнына амортизациялық аударымдар ретінде қосылады.

Амортизациялық аударымдар дегеніміз – негізгі құралдардың амортизацияланушы құнынан есептеп шығарылған амортизацияның жылдық сомасы.

Жоғарыда аталған бухгалтерлік есеп стандартында амортизацияны есептеудің төмендегі әдістері ұсынылған:

1. Негізгі құралдардың құнын бірқалыпты есептен шығару әдісі, яғни объектінің құны оның қызмет ету мерзімі ішінде өндіріс шығындарына біржелпі апарылады. Бұл әдіс негізгі құралдардың тозуы оның қызмет ету мерзімінің ұзақтығына байланысты деп пайымдауға негізделген және ол бухгалтерлік есептің стандартық тәжірибесінде қолданылып жүрген әдіс. Өрбір мерзім үшін амортизациялық жарна сомасы амортизацияланушы құнды

(объектінің бастапқы құнынан оның жойылу құнынан алып тастағандағы) объектіні пайдалану мерзіміне бөлу арқылы есептеледі. Амортизациялау нормасы тұрақты болады.

Бастапқы құны / жойылу құны / пайдалану мерзімі

2. Амортизацияны орындалған жұмыстардың көлеміне пропорционалды түрде есептеу әдісі (өндірістік тәсіл).

Бұл әдіс негізгі құралдардың тозуы (амортизациясы) тек пайдалану нәтижесі болып табылады және оны есептеу процесінде уақыт бөліктері ешқандай рөл атқармайды деген пайымдауға негізделген.

Бастапқы құн – жойылу құны / орындалатын жұмыстың болжаушы мөлшері

3. Негізгі құралдардың құнын жеделдетіп есептен шығару әдістері

Бұл әдістер өндірістік мақсатта пайдаланылатын негізгі құралдардың көптеген түрлері пайдаланудың алғашқы жылдарында тиімдірек жұмыс істейді немесе жоғары өнімділік қабілетін көрсетеді деген пайымдауға негізделген. Амортизацияны (тозуды) есептеудің жеделдетілген әдістері:

- A) Кумулятивтік әдіс.
- B) Азайып отыратын қалдық әдісі.

Кумулятивтік әдіс – латын тілінен аударғанда - өсу, жиналу деген мағынаны білдіреді, яғни сандары қосу бойынша тозуды есептеу тәсілі есептеу коэффициентінің бөлімі болып табылатын, объектінің қызмет ету мерзіміндегі жылдар санын қосу арқылы анықталады.

Азайып отыратын қалдық әдісі кумулятивтік әдістің принциптеріне негізделген. Оны екі еселенген амортизациялау нормасын қолдану арқылы азайып отыратын қалдық әдісі деп те атайды.

Екі еселенген нормамен есептелінген, азайып отыратын қалдық әдісінде амортизациялау нормасы 20 пайыз ($10\% \times 2$) болады. Бұл белгіленген мөлшер 20 % қалдық құнға әрбір жылдың соңында апарылады.

Қалдық құнды азайту үшін қажетті шамамен шектелетін соңғы жылды қоспағанда, тозуды есептеген кезде жойылу құны есепке алынбайды деп саналады.

Жеделдетілген амортизация әдістері негізгі құралдардың сапалық тозуынан болатын зияндарды тез азайтуға мүмкіндік береді, экономиканың барлық салаларында тездетіп қайта жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Отандық тәжірибеде негізгі құралдардың мынадай түрлері бойынша амортизация есептелінбейді:

- жер;
- кітапхана қорлары;
- фильм қорлары;
- архитектура және өнер ескерткіштері;
- музейлік құндылықтар;
- өнім беретін малдар;
- жалпы мақсатта пайдаланылатын көлік жолдары.

Сонымен қатар, амортизациялық аударым жаңарту және техникалық қайта құру жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ негізгі құралдарды уақытша тоқтатып қойған мерзімде есептелінебейді.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есебінң бас шоттар жоспарына сәйкес субъект меншігіндегі және ұзақ мерзімге жалға алынған негізгі құралдардың тозу сомасын жинақтау үшін 2420 «Негізгі құралдардың амортизациясы және құнсыздануы» бөлімшесінің тиісті синтетикалық шоттары пайдаланылады.

Негізгі өндірісте пайдаланылатын меншік және ұзақ мерзімге жалға алынған негізгі құралдар бойынша есептелінген тозу сомасына:

Дт 8045 «Негізгі құралдардың тозуы»

Кт 2420 «Негізгі құралдардың амортизациясы және құнсыздануы» бөлімшесінің тиісті шоттары

Жалпы шаруашылық мақсатқа пайдаланылатын меншікті және ұзақ мерзімге жалға алынған негізгі құралдарға есептелген тозу сомасына:

Дт 7210 «Әкімшілік шығыстар»

Кт 2420 «Негізгі құралдардың амортизациясы және құнсыздануы» бөлімшесінің тиісті шоттары

Кәсіпорындағы негізгі құрал-жабдықтар шаруашылық процесіне қатынасып отыру нәтижесінде тозады, ал кей жерлері жөндеуді қажет етеді. Оларды үнемі жұмысқа жарамды күйінде сақтап отыру үшін жөндеу жүргізіледі. Жөндеу жұмыстары көлеміне байланысты қарапайым және күрделі жөндеуге бөлінеді.

Қарапайым жөндеу деп - әдетте негізгі құралдарды күнделікті пайдалануға байланысты болатын қарапайым жұмыстарды айтады.

Күрделі жөндеу деп - үйлердің, құрылыстардың және күрделі машиналардың тозығы жеткен бөлшектері мен деталдарының бәрін ауыстыруға байланысты болатын ірі жөндеу түрін айтады.

Бухгалтерлік есептің 16 «Негізгі құралдар» деп аталатын қаржылық есептіліктің қалықаралық стандартына сәйкес шығындары актив өнімділігінің алғашқы есептелінген нормативтеріне сәйкес кәсіпорын күте алатын келешек экономикалық пайданың сақталуы немесе қалпына келтірілуі үшін жүзеге асырылады. Мұндай сапада олар әдетте туындауына қарай кәсіпорынның шығыны ретінде танылады (есепке алынады).

Кәсіпорын өндірістік негізгі құралдарды жөндеуге жұмсалған шығындарды өндіріс шығындарына жатқызады.

Кәсіпорында жөндеу шығындарын өндірістік шығындарға бір келтірі енгізіп отыру үшін жөндеу қорын құруына болады. Бұл қорға кәсіпорынның өзіне бағытпен нормативтер бойынша жарналар есептелініп, өнімнің өзіндік құнына енгізіліп отырады.

Субъектіде жөндеу жұмыстары мөрдгерлік әдіспен және шаруашылық әдіспен орындалуы мүмкін.

Жөндеу жұмыстары шаруашылық әдіспен жүргізілгенде барлық жұмыстар шаруашылықтың өз күшімен орындалады.

Мердігерлік әдісті пайдаланғанда жөндеу жұмыстарын арнайы құрылым және жөндеу мекемелері орындайды.

Жөндеу жұмыстарының бухгалтерлік есебін жүргізу олардың қандай әдіспен орындалғандығына байланысты.

Кәсіпорындағы негізгі құралдарды жөндеудің есебін жүргізу үшін шоттар жұмыс жоспарының 8040 «Үстеме шығыстар» бөлімшесінде 8044 «Негізгі құралдарды жөндеу» шоты қаралған. Бұл шоттың дебетінде негізгі құралдарды жөндеу бойынша нақты шығындардың сомасы көрсетіледі.

«Негізгі құралдарды жөндеу» шоты қаралған. Бұл шоттың дебетінде негізгі құралдарды жөндеу бойынша нақты шығындардың сомасы көрсетіледі.

Негізгі құралдар кәсіпорынан мынадай жағдайларда есептен шығу мүмкін:

- Тозығы жетіп, іске жарамай қалған негізгі құралдарды есептен шығару;
- Жарғылық капиталға қосқан үлес ретінде басқа кәсіпорындарға беру;
- Ұзақ мерзімге жалға беру;
- Басқа заңды және жеке тұлғаларға сыйға тарту;
- Ересек малдардың тұрғылық не өнім беру қасиетін жоғалтқандарын басқа топқа ауыстыру, сатуға не соғуға жұмсау;
- Әр түрлі апаттардан (су тасқыны, өрт, жер сілкіну) шектен зиян;
- Ұрпақу немесе жоғарту нәтижесінде болған жетілгенділік;
- Өндіріске қажеті жоқ құрал-жабдықтарды сату және тағы басқалар.

Солардың ішіндегі негізгілер: жойылғанда, сатып-өткізілгенде және басқадай активтерге айырбасталғанда есептен шығу.

Негізгі құралдар кәсіпорынан қандай себептермен (жолдармен) есептен шықса да, есептен шыққан күнге дейін олар бойынша тозу (амортизация) есептелінеді. Содан кейін барып, олардың бастапқы құнымен жинақталған тозу сомасы тиісті шоттардан есептен шығарылады.

Кәсіпорындағы негізгі құралдардың тозу дәрежесін анықтау үшін тұрақты комиссия құрылады. Оның құрамына кәсіпорын басшысының орынбасары, бас мамандар, бас бухгалтер тағы басқалар кіреді. Комиссия іске жарамай қалған құралдардың тозу дәрежесін, оның себептерін анықтамайды. Негізгі құралдарды есептен шығару жөнінде шешім қабылдағаннан кейін олардың түріне қарай акт толтырылады.

Қазіргі кезде бұл мақсаттарға «Негізгі құралдарды есептен шығару актісі» (№ НК-3 нысанындағы) пайдаланылады.

Тұрғын-үй, қора-жайлар есептен шыққандар олардың бастапқы құны қанша рет және қанша сомға жөндеу жүргізілгені, не себепті істен шығарылатыны көрсетіледі.

Құрал-жабдықтар, көлік құралдар есептен шығарылғанда актіге мына мәліметтер тіркеледі: марка маркасы, заводтың номері, шаруашылыққа қабылданған мерзімі, пайдалану кезінде орындаған жұмыс көлемі, баланстық құны, жүргізілген күрделі жөндеу саны және оған кеткен шығын мөлшері. Сатып-өткізілген, жойылған негізгі құралдардың тозу құны 2420 «Негізгі құралдардың амортизациясы және құнысыдануы» бөлімшесінің тиісті

шоттарының дебеті, 2410 «Негізгі құралдар» бөлімшесі шоттарының кредиті бойынша есептен шығарылады.

Нақты жағдайларға байланысты сатып-өткізудің нәтижесі таза табыс (пайда) немесе зиян болуы мүмкін. Егер актив белгіленген мерзімнен ұзағырақ жұмыс істейтін болса және толық амортизацияланған болса, онда оған тозу есептелінбейді, және де кәсіпорыннан шығуының ақырғы сәтінә дейін есептен шығарылмайды. Амортизацияның мәні негізгі құралдардың құнын оның барлық жұмыс істеу мерзіміне бөліп таратуда болып табылады.

Кесте 3 Халықаралық қаржылық есеп беру стандартына көшу: Негізгі құралдарды есепке алу жөніндегі шоттар корреспонденциясы

№	Операцияның мазмұны	Құжат	МҚЕС бойынша шоттар жоқтары		Шоттардың үлгі жоқтары	
			дебет	кредит	дебет	кредит
1	Жеке тұлғалар мен ұйымдардан негізгі құралдар өтеусіз алынады	Қабылдау-өткізу шарты	2410	6220	121-126	727
2	Жарғылық капиталға салым ретінде негізгі құралдар алынады (таратқандың келісім шарт бойынша)	Құрылғы шарты. Жарғы қабылдау-өткізу шарты	2410	5020	121-126	683
3	НҚ сатып алынды:					
	• Берілген есепті сомалар есебінен	Аванстық есеп, сатып алу шарты	2410	1250, 2150	121-125	333
	• Жеке тұлғалардан	Сатып алу-сату шарты	2410	3390	121-125	687
	• Жеткізушілерден	Төлем құжаттары	2410	3310, 4110	121-125	671
	• Кеден бажы	Кеден декларациясы	2410	3230	121-125	639
	• Комиссиягерге комиссиялық сыйақы	Комиссиягердің есебі	2410	3390	121-126	687
	• Сатып алу жөніндегі шығындар	Төлем құжаттары	2410	3310, 3390	121-125	671,687
4	НҚ объектілері шаруашылық немесе мердігерлік тәсілмен жасалады: - материалдар есептен шығарылады	Актілер, жұмсақтар, талаптар	2930	1310	126	201-206
	Амортизация құрылысының құнына жұмысшының негізгі құралдардың тозуы	Есеп-қисап	2930	2420	126	131-134
	Амортизация құрылысы	Аванстық есеп	2930	1250, 2150	126	333

	Жұмысшылардың шығыстар бойынша есепті сомаларды есептен шығару					
	Аяқталмаған құрылысқа жұмысшылардың болып, кезең шығыстарын есептен шығару	Есеп-қисап	2930	1620 2920	126	341 343
	Аяқталмаған құрылыста жұмыс істейтін қызметкерлерге жалақы есептеу	Табельдер, нарядтар, ведомость	2930	3350	126	681
	Бөтен ұйымдардың қызметтері	Орындалған Жұмыстар актілері	2930	3310 3390	126	671, 687
	Орындалған мердігерлік жұмыстар	Орындалған Жұмыстар актілері	2930	3310	126	671
	Құрылыс кезеңінде алынған заңдар бойынша шығыс есептеу	Есеп-қисап	2930	3380 4160	126	684
	Негізгі, көмекші өндірістің және жартылай фабрикаттар өндірісінің қызметтері	Есеп-қисап	2930	8010 8020 8030	126	900 910 920
	Аяқталмаған құрылысқа жұмысшылардың үстеме шығыстар	Есеп-қисап	2930	8040	126	930
5	Құрылыс аяқталмаған кезде негізгі құралдар пайдалануға беріледі	Пайдалануға беру актісі	2410	2930	122-125	126
6	Негізгі құралды пайдаланудан болып, алынатын экономикалық пайданың өсуіне алып келетін жөндеумен байланысты шығындарды жұмыс	Жөндеуге қайта құрылған негізгі құралдарды қысқарту-өткізу актісі	2410	2930	122-125	126
7	Түгендеу кезінде аяқталған, НҚ-кіріске алу	Түгендеу актісі	2410	6280	121-125	727
8	Жүргізілген қайта бағалаудың	Негізгі құралдарды	2410	5320	122-125 541	541 131-134

	нәтижесінде негізгі құралдардың бастапқы құнының ұлғаюы	қайта бағалау нәтижесінің				
9	НҚ жөндеуге резерв есептелді	Есеп-қисап	7100 7200 3440	3440 8030 3310	811 821 934 687	687 920 671
10	НҚ жөндеудің нақты шығындары	Орындалған жұмыстар актілері	7100 7200	8030 3310	811 821,934	920 671
11	Негізгі құралдардың құныыздануы	Есеп-қисап	2420	2420		
12	Шығып қалуы кезінде негізгі құралдарды есептен шығару	Есептен шығару, қабылдану-өткізу актілері	2420	2410	131-134	121-125
13	Бұрын жүргізілген қайта бағалау сомасының шегінде негізгі құралдардың құнының көмуі	Қайта бағалау актілері	5320 2420	2410 5320	541 131-134	122-125 541
14	Мамаларға жұмысшылардың негізгі құралдардың тозуын есепте: - аяқталмаған құрылыс құнына - дайын өнімді өткізу жөніндегі шығыстарға - акциялық мақсаттарға - өнімдер, жұмыстар құнына	Ведомость, есеп-қисап	2930 7110 7210 8040	2420 2420 2420 2420	126 811 821 935	131-134 131-134 131-134 131-134

2 «Сюсус Multimedia Services» ЖШС-нің ұзақ мерзімді қаржыландыру көздері және оларды басқару

2.1. «Сюсус Multimedia Services» ЖШС-нің техника экономикалық көрсеткіштерін және ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерін талдау

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Сюсус Multimedia Services» 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, 1995 жылғы 17 сәуірдегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосылма жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» 2008 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының №234-ІІІ заң, Қазақстан Республикасының өзге заң актілеріне сәйкес, өзінің жарғылық қызметін орындау арқылы табыс мақсатымен нарық тетіктерін енгізу барысын үдету және Қазақстан Республикасының Заңдары тыйым салмаған кез-келген шаруашылық қызметінің түрлерін либерализациялау үрдісін әрі қарай дамыту үшін құрылды.

Серіктестіктің атауы:

Толық:

Қазақ тілінде — «Сюсус Multimedia Services» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Орыс тілінде — Товарищество с ограниченной ответственностью «Сюсус Multimedia Services»

Қысқартылған:

Қазақ тілінде — «Сюсус Multimedia Services» ЖШС;

Орыс тілінде — ТОО «Сюсус Multimedia Services»;

Серіктестіктің құрылтайшы:

- Нурлыбекке Азамат Нурлыбекұлы жеке құлiгiнiң №004547379, Қазақстан Республикасы ІІМ 04.09.1998 жылғы Берiлген, тұрғылықты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қ. 15 ккшам ауданы, 55 үй, 39 пәтер.

Серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа есеппен алғанда 50-ден және активтерінің жыл ішіндегі жалпы құны орташа есеппен алғандағы алпыс мың айлық есептік айырысу көрсеткіштен аспайды. Серіктестіктің қызметтері болып келесілерді жатқызуға болады:

- есірті заттарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналышымен байланысты қызметті;
- ақпараттық өнімді өндіруді және (немесе) көтерме сатуды;
- астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;
- потерелер еткізуді;
- ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті;
- сертификаттау, метрология және сапаны басқару саласындағы қызметті;

- мұнай, мұнай өнімдерін, газ, электр және жыту энергиясын өндіру, қайта өңдеу және сату;
- жөндеу қызметі;
- радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметі;
- банк қызметі (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру;
- нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);
- аудиовизуалдық қызметті;
- бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайды.

Заңды мекеме-жайы: 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 77 үй, 7 офисі, Алмалы ауданы.

Меншік нысаны — жеке меншік.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметінің мерзімі — шектелмеген.

Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты таза табыстар алу және Құрылтайшыға тұрақты табысты қамтамасыз ету болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға әріл жеткізу үшін серіктестік қызметінің келесі негізгі түрлерін жүзеге асырады:

- жарнамалық және маркетингтік қызметтер;
- сауда және делдалдық қызмет;
- халыққа қызмет көрсету;
- халық тұтынытын тауарларды өндіру;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- төтті тағам және аспаздық бұйымдарды өндіру және сату;
- бар, кафе, ресторандар, асхана және басқа қоғамдық тамақтану орындарың, қонақ үйлерді ұйымдастыру;
- сауда-саттық операцияларын және делдалдық қызметін жүргізу үшін ауылшаруашылық өнімдерін, қалдықтарын дайындау, өндіру және өңдеу;
- ЭЕМ-ға арналған бағдарламалық құралдарын өңдеу және өңдеу;
- жарнама-ақпарат қызметі;
- қосымша шикізаттарымен өнеркәсіптік қалдықтарын дайындау, өңдеу;
- комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасы заңдарына тиым салынған басқа қызмет түрлері.

Серіктестік белгіленген тәртіпте алынған лицензияны пайдалану мерзімінде ғана 17.04.1998 ж. заң күші бар "Лицензиялау туралы" сәйкес лицензиялауға тиісті қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Серіктестіктің құрылтық мәртебесі

Серіктестік мемлекеттік тіркөуден өткен күннен бастап заңды тұлғаның құқығын алады.

Серіктестік өз қызметін осы Жарғыға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүргізеді.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарында осындай ұйымдық-құрылтық нысан үшін белгіленген барлық құрылтықтарды пайдаланады.

Серіктестік өз міндеттемелері үшін барлық оның келігіндегі мүлкімен жауап береді. Серіктестіктің Қатысушысы міндеттемелері бойынша жауапты емес және Серіктестіктің іс-әрекеттеріне байланысты шығынын өзінің Жарғылық капиталға енгізген салымының құны шегінде көтереді. Серіктестік Қатысушысы міндеттемелері үшін жауапкершілік үшін көтермейді. Қазақстан Республикасы Серіктестіктің міндеттемелері үшін жауапты емес, ал Серіктестік Қазақстан Республикасының міндеттемелері үшін жауапты емес.

Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтардың берілуіне кепілдік береді.

Серіктестік барлық қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және заң белгілеген тәртіппен олардың денсаулығы мен еңбек ету қабілетіне келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтереді.

Серіктестікті қайта құру және тарту

Серіктестікті қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, түрлендіру) және тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жасалады.

Серіктестікті қайта құру барысында серіктестіктің мүлкі, заң актілерінде немесе қайта құру туралы шешімде басқаша белгіленбесе, оның құқық мұрагерлеріне ауысады.

Серіктестік келесі жағдайларда таратылады:

Серіктестік құрылтай мүшелерінің шешімі бойынша;
сот шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа жағдайларда;

Серіктестіктің ерікті тарату Серіктестік құрылтай мүшелері тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді, ол Серіктестік құрылтай мүшелерінің тарату балансын бекітуге береді. Серіктестіктің қызметі сот шешімімен дұғарылған жағдайда, тарату комиссиясын сот тағайындайды.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметін дұғаруға, жоғарыда көрсетілген негіздерден басқа, келесі жағдайлар негіз бола алады:

- егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңда белгіленген минималды мөлшерден кем болып шықса;
- егер қатысушылар «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңда белгіленген мерзімдерде Серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса;
- серіктестіктің жұмыс жүргізу тілдері орыс, қазақ жыртынын тілдері болады. Жарғыда өзгерістер мен толықтыруларды серіктестіктің құрылтай мүшелері енгізеді және олар Қазақстан Республикасының заңдарында тағайындалған тәртіппен міндетті түрде тіркелуі тиіс.

Осы Жарғы Серіктестіктің мемлекеттік тіркеуден өткен мерзімінен бастап күшіне енеді.

Серіктестік Қалыптасушыларының құқықтарымен міндеттері

Серіктестік құрылтай мүшелері құқылы:

- Серіктестіктің бухгалтерлік және басқа құжаттарымен тануысумен бірге серіктестік қызметі туралы толық ақпарат алуға;
- Жарғылық қорының мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға;
- Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заң талаптарын орындай отырып, серіктестік мүлкіндегі өзінің үлесін немесе оның бөлігін үшінші тұлғаларға сатуға немесе өзге жолмен ұсынуға;
- Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес өзінің серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
- Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік бөлігінің құнын алуға немесе осы мүлік бөлігін заттай алуға;
- Осы жарғы мен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмеуін серіктестіктің қалыпты дамуына бағытталған кез келген басқа да іс-әрекеттерді жасауға;
- Серіктестік құрылтай мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында көзделген өзге де құқықтар иелене алады;

Серіктестік құрылтай мүшелерінің міндеті:

- Серіктестік Жарғысының талаптарын орындауға;
- Жарғы белгіленген тәртіппен серіктестіктің іс-әрекеттеріне қатысуға;
- Серіктестік жарғысы белгілеген тәртіппен, тәсілмен және мөлшерде салымдар енгізуге;
- Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
- Серіктестікке зиян келтіруі мүмкін қандай да болсын іс-әрекет жасамауға.

Серіктестіктің қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызмет жасауға.

Осымен серіктестіктің мүлік құнының құрылымын қарастырайық.

Кесте 4 - Мүлік құнының құрылымын талдау
(2007-2008жыл «Cross Multimedia Services» ЖШС)

Көрсеткіштер	2008жыл	2007жыл	Ауытқу
Мүлік құны (тенге)	16135513	30623789	-14488276
Имобильдік қорлар	325461	-	325461
Мүлік құнына (%)	2	-	
Мобильдік қорлар	15810052	30623789	-14813737
Мүлік құнына (%)	98	100	-2

Кестеде көрсеткендей акционерлік қоғамның мүлік құны – 14488276 мың теңгеге төмендеді. Талданып отырған серіктестіктің ұзақ мерзімді активтер

ішкінен тек негізгі құралдар ғана 325461 мың теңгеге ие болды. Мобильдік қорлар жыл басында 30623789 мың теңге, 2007 жылы 15810052 мың теңгеге төмендеді. Өткен жылмен салыстырғанда 14813737 мың теңгеге төмендеді. 2007 жылы тек активтердің 100 пайызын мобильдік қорлар ие болды. 2008 жылы 98 пайызды мобильдік қор 2 пайызды немобильдік қорлар үлес қосты.

Кесте 5 - Қаржылық қорлардың құрылымын талдау
(2007-2008жыл «Storus Multimedia Services» ЖШС)

Көрсеткіштер	2007 жыл	2008 жыл	мыңтг.
Қаржылық қорлар (теңге)	30623789	16135513	-14488276
Меншікті капитал	60064	2405216	2345152
Қаржылық капиталға (%)	0,19	14,9	14,71
Тартылған капитал	30563725	13730297	-16833428
Қаржылық капиталға (%)	99,81	85,1	-14,71

Талдау жасалынған акционерлік қоғамның қаржылық қор сомасы 14488276 мың теңгеге төмендегін байқаймыз. Мұндай өсу біріншіден меншікті капиталдың өсу нәтижесінде болған. Меншікті капитал 2345152 мың теңгеге өскен. Яғни үлес салмағы 14,71 пайызға өсті. Қарастырылып отырған акционерлік қоғамның тартылған капиталының сомасы 16833428 мың теңгеге азайған. Осымен акционерлік қоғамның қазіргі таңда қаржыланудың бар жоғы екі жолы бұл:

- 1) меншікті капиталды ұлғайту;
- 2) сырттан тартылған капиталды көбейту.

Мына осы екі қаржыланудың жолдарын ұлғайту керек екендігін көріп отыр.

Кесте 6 - Капиталдың құрамы мен құрылымын талдау
(2007-2008жыл «Storus Multimedia Services» ЖШС)

мыңтг.

Көрсеткіштер	2007 жыл		2008 жыл		Жыл бойындағы өзгеріс (+,-)		Құрылымның өзгеруі (4гр-3гр)
	сомасы мыңтг.	үлес салмағы %	сомасы мыңтг.	үлес салмағы %	мыңтг. (3гр-1гр)	(5гр/4гр*100)	үлес салмағы %
	1	2	3	4	5	6	7
1. Капиталдың барлығы	30623789	100	16135513	100	-	-47,3	-
2 Меншікті	60064	0,2	2405216	14,9	-	-468,8	14,7

Капитал							
Э Қатыстырылған капитал	30563725	99,8	13730297	85,1	10673972	34,9	-14,9
Тәуелсіздік коэффициенті (2/1) 0,5-0,6		0,001		0,14			0,139
Қаржыландыру коэффициенті (2/3) > 1		0,002		0,15			0,148
Қатыстырылған капиталдың меншікті капиталға қатынасы (3/2) < 1		508		5,7			-502,3
Инвестициялық коэффициент (2/лет кап) > 0,5	-			7,3			7,3

Талдау жүргізіліп отырған «Сorus Multimedia Services» ЖШС 2007 жылы капитал 30623789 мың теңгеге 2007 жылы 16135513 және үлес салмағы 47,8 пайызға төмендеді. Осы көрсеткіштің төмендеуіне меншікті капиталдың төмендеуі әсер етті. Ол әсер беру жылы 28158509 мың теңгеге, төмендегенін көріп отырмыз. Ал қатыстырылған капиталы жыл басында 30563725 мың теңге, 2008 жылы 2405216 мың теңгеге не болып, өткен жылмен салыстырғанда 14,7 пайызға төмендеді. Барлық коэффициенттер қолайлы мәдерге не болып отырған жоқ.

Кесте 7 - Өзіндік капиталдың құрамы мен құрылымын талдау (2007-07жыл «Сorus Multimedia Services» ЖШС)

Көрсеткіштер	2007 жыл		2008 жыл		ауытқуы	
	сомасы	%	сомасы	%	сомасы	%
Өзіндік капитал	60064	100	2405216	100	2345152	-
Жарғылық капитал	100000	16,6	100000	4,2	-	-12,4
Бөлінбеген табыс	-399369	-66,4	2305216	95,8	1905847	29,4

Кестеде көрсеткендей өзіндік капиталдың бар үлесі бөлінбеген табысқа келіп отыр. Өзіндік капитал жыл басында 60064 мың теңгеге жыл аяғында 2405216 мың теңгеге көрсетті. Жарғылық капиталы 100000 мың теңге өткен жылмен салыстырғанда 12,4 пайызға төмендеді. Бұл бөлінбеген табыстан тікелей байланысты. Бөлінбеген табыс жыл басында 399369 мың теңгеге жылмен көрсетіліп, жыл аяғында 2305216 мың теңгеге табысқа не болды.

Кесте 8 - Меншікті капиталдың айналым көрсеткіштерін талдау
(2007-07 жыл «Стокс Multimedia Services» ЖШС)

мыңтг.

Көрсеткіштер	2007 жыл	2008 жыл	Ауытқуы
Өнімді өткізуден түскен түсім	95769565	92090967	-3678598
Меншікті капиталдың орташа жылдық көлемі	1223555	1232640	9085
Меншікті капиталдың айналымы ретпен	78,3	74,8	-3,5

Талдаудан көріп отырғандай меншікті капиталдың өткен жылмен салыстырғанда 3678598 мың теңгеге төмендегенін көріп отырмыз. Бұған бөлінбеген табыстың өсуі ықпал етеді. Өнімді өткізуден түскен табыс 2007 жыл 95769565 мың теңге, 2008 жылы 92090967 мың теңге. Меншікті капиталдың орташа жылдық шамасы жыл басында 1223555 мың теңге, 2008 жылы 1232640 мың теңгеге өткен жылмен салыстырғанда 9085 мың теңгеге өсті. 2007 жыл меншікті капиталдың айналымы 78,3 мың теңгеге, 2008 жылы 74,8 мың теңге, өткен жылмен салыстырғанда

Кесте 9 - Меншікті капиталдың айналым көрсеткіштерін талдау
(2007-07 жыл «Стокс Multimedia Services» ЖШС)

мыңтг.

Көрсеткіштер	2007 жыл	2008 жыл	Ауытқуы
Таза табыс	-39936	2345153	2385089
Меншікті капитал	60064	2405216	2345152
Меншікті капиталдың табыстылығы	-0,6	0,9	0,3

Талдау нәтижелерінен көріп отырғанымыздай кәсіпорынның таза табысы 2385089 мың теңгеге, ал меншікті капитал 2345152 мың теңгеге артқан. Бұл көрсеткіштер есепті жылда өткен жылмен салыстырғанда 2345152 мың теңгеге артқанын көрсетеді. Бұл көрсеткіштің артқаны жағалай қаражаттарды тиімді пайдаланғанын білдіреді. 2007 жылы 39936 мың теңгеге зиянды көрсеткен. 2008 жылы 2345153 мың теңгеге яғни, 2385089 мың теңгеге өсті. Бұл өсуі меншікті капиталдың табыстылығы 0,3 пайызға өскенін көріп отырмыз.

Кесте 10 - Ұзақ мерзімді активтердің құралы мен құрылымын талдау
(2007-07 жыл «Crocus Multimedia Services» ЖШС)

Көрсеткіштер	2007 жыл		2008 жыл		Ағылшын	
	СОМА	ПАРЫЗ	СОМА	ПАРЫЗ	СОМА	ПАРЫЗ
Ұзақ мерзімді активтер	-	-	325461	100	325461	-
Материалдық емес активтер	-	-	-	-	-	-
Негізгі құралдар	-	-	325461	100	325461	-
Ұзақ мерзімді инвестициялар	-	-	-	-	-	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз	-	-	-	-	-	-

Кестеде көрсеткендей ұзақ мерзімді активтердің есеп беру кезінде 325461 мың теңгеге. Ұзақ мерзімді активтердегі үлес салмағы көп мөлшерін тек негізгі құралдар 100 пайызды құрайды.

Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдағаннан кейін негізгі құралдардың қолдану көрсеткіштері оқпалады. Кез келген акционерлік қоғамдағы негізгі құралдардың тиімділігі келесі көрсеткіштерімен сипатталады:

- Қор қайтарымдылық коэффициент;
- Қор сыйымдылық коэффициент;
- Интегралды көрсеткіш коэффициент.

2.2 Жаңа технологияларды игерудені және инновациялы өндірісті дамытудағы корпорациялардың аржыландыру саясатының ролі

Нақты өлірде экономикалық өсудің экстенсивтік немесе интензивтік типтері таза түрде болмайды. Ғылыми техникалық жетістіктерді (ҒТТ) енгізу негізінде жүзеге асырылатын, өсу факторларын сан жағынан жетілдіру, қашан болмасын өндіріс құрал-жабдықтарын және жұмысшы күшіне инвестициялар салытын жасауды талап етеді. Жұмысшы күші мен құрал-жабдықтардың өсуі, олардың сапалық сипаттамаларына өзгеріс енгізеді. Сондықтан нақты экономикалық өсуді талдағанда, оның теориялық үлгісін емес, өсу типтерінің басымдық экстенсивтік және басымдық интензивті деп бөледі.

Өндірісте қолданылатын еңбек пен капиталдың сәйкестігін белгілейтін макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістеріне әсер етуіне байланысты ҒТТ бірнеше түрге бөлінеді.

Егер ҒТТ дамуында еңбектің капиталмен жабдықталуының әрбір белгіленген шамасына өндіріс факторларының шекті өнімділігінің көпін бір

ғана көрсеткіш сәйкес келсе, онда Хикс бойынша бейтарап ГТП орын алады. /2/.

Егер еңбектің капиталмен жабықталуы белгіленген жағдайда шекті еңбек өнімділігі капиталдың шекті өнімділігінен тез өсіп отырса, экономикаға еңбекті үнемдейтін техникалық прогресс тән болады. Керісінше жағдайда – шекті еңбек өнімділігінің өсу қарқыны мен шекті капитал өнімділігінің арақатынасы керісінше болғанда ГТП капитал үнемдейтін типі пайда болады.

Егер ГТП дамуында белгіленген еңбек өнімділігінің орта дәрежесіне еңбектің шекті өнімділігінің бірдей шамасы сәйкес келсе, онда осындай түрі Солоу бойынша бейтарап деп аталады /2/.

Инновация категориясының экономикалық анализде басты төрт аспектісін көрсетуге болады:

1. инновация – интеллектуалды еңбек нәтижесі, яғни инновация арқылы бәсекелестікке төтеп береді;
2. инновация – бәсекелестік күш, яғни нарықтың тепе-теңдігін бұзады;
3. жаңа өнім және жаңа процесс қоғамға оң нәтижесін тізеді;
4. инновация – экономикалық өсу факторы ретінде. /15/

Осындағы төртінші аспекті біздің еліміз үшін маңызды болып табылады.

Қазіргі заманғы экономикалық теорияда экономикалық өсу факторларын негізгі 4-ке бөледі :

1. елде экономикалық ресурстардың өсуі;
2. өндірістің жаңа технологиялар арқылы қызмет істеуі, ресурс шығындарын қысқартып және жылдық сол өнімді шығару;
3. шектеулі ресурстарды тиімді бөлудің әдістерін талдау;
4. адамдардың денсаулығының, өмір сүру деңгейінің өсуі

Мұнда 1-ші әрекет экстенсивті экономикалық өсуге жатса, ал 2 және 3 факторлар интензивті экономикалық өсуге, яғни инновациялық қызметке, 4-ші экономикалық емес фактор болып табылады.

Экономикалық өсу сандық және сапалық өсуіне байланысты *экстенсивті және интензивті* түрлері болады.

Экстензивті түріне:

- Технологияда инвестицияның артуы;
- Бос уақытты жоқ қызметкерлер санының артуы;
- Тұтынушы шығысат көлемдерінің, материалдардың, сыртқы капиталдардың өсу қарқыны;

Интензивті факторларға:

- Ғылыми-техникалық прогресті дамыту, яғни инновациялық дамудың жүзеге асуы;
- Қызметкерлердің мамандық деңгейінің жоғарылауы, білім беруді дамыту;
- Негізгі және сыртқы қорларды қолдануды жақсарту;
- Қызметкерлердің бос уақытының өсуі.

Көріп отырғандай елміз дамыған елдер қатарына қосылуы үшін экономикалық өсудің интензивті бағытының басымдырақ болуын қамтамасыз етуі керек. Елде осы саясатты қолдау үшін оған тиімді жағдайлар жасауды мемлекет өзіне басты қызмет етіп алғаны дұрыс.

Инвестициялық стратегия корпорацияның ұзақ мерзімді кезеңдегі жоспарланған инвестициялардың тұрақты дамуын, оларды тартудың және шығарудың тиімді жолдарын көрсету, жалпы болашақтағы инвестициялық баздарларды айқындайды. Ал осы инвестициялық стратегияның іске асуы үшін кәсіпорын белгілі мерзім аралықтарында және рынок құрылымының өзгерісінде инвестициялық саясаттарды іске асырады. Осы инвестициялық саясаттарды іске асырғанда келесі қағидаларды ескеру қажет:

- Қарастырылып отырған шараларды экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және әлеуметтік тиімділіктерін максималдау;
- Корпорацияның капитал салымдарынан түсіп отыратын пайдаларды тиімді инвестициялау;
- Пайдалы емес жобаларды іске асырғанда ақша ресурстарын тиімді пайдалану;
- Инвестицияның тиімділігін арттыруда мемлекеттік қолдауларды қажет ету;
- Шетел инвесторларынан көсне және қарыз алуда белгілі бір жеңілдіктерге ие болу;
- Инвестициялық тәуекелділіктерді минималдауды қамтамасыз ету және инвестициялық ортадағы бәсекелікті ескеру;

Жаңа технологияларды игеруде корпорацияның инвестициялық саясатын анықтағанда келесі факторларды ескеру қажет:

- Өндірілген өнімнің рыноктағы жағдайын, көлемін, сапасын және сол өнімге рыноктық база деңгейін анықтау;
- Корпорацияның өнеркәсібінің техникалық мүмкіншілік деңгейін, оның балансындағы аяқталмаған құрылысының және құрылмаған құралдарының жағдайын талдау;
- Құрылыстарды лизингке алу мүмкіншілігін ескеру;
- Корпорацияның қаржы-экономикалық жағдайы (төлемқабілеттілігі, баланстың өтімділігі, қаржылық тәуелсіздік деңгейі инвестициялық қолайлылық жағдайы);
- Корпорацияның өндіріс меншік және қарыз капиталдарының арақатынасы;
- Инвестордың мемлекеттен тарапынан қолдау табатын жеңілдік түрлері;

Талданған инвестициялық саясаттың жағдайын сипаттағанда инвестициялық жобаның техника-экономикалық негіздемесін қалыптастыру болып табылады.

Корпорацияның қаржы саясаты қаржылары стратегиялық және тактикалық міндеттерді мақсатты түрде іске асыруға бағытталады. Мысалы, рыноктағы корпорация тауарының өтімділігін көбейту немесе сұранысты

өсіру активтер мен меншік капиталдарының пайдальшығы мен рентабельділігін арттыру, баланстық төлем қабілетін және өнімділігін сақтау, акционерлер жағдайын жақсарту және инвестициялық климатты жақсарту болып табылады.

Экономикалық ортаның тұрақсыздығы инвестициялық қаржыны, төлем қабілеттілігінің дағдарысы кезіндегі рыноктағы қызмет етіп отырған корпорациялар өмір сүрулерін және банкротқа ұшырамау үшін тырысып бағады. Жалпы корпорацияның қаржылық саясатын келесі бағыттарға топтастыруға болады:

- Корпорацияның қаржылық ағымдарын және айналым капиталдарын тиімді басқару;
- Алдағы кезеңдегі қаржылық ресурстарды қолданудағы негізгі бағыттарды анықтау;
- Тәжірибелік іс-әрекет көңгу, яғни алдыға қойылған мақсатқа жету үшін қаржылық зерттеу, қажетті қаржыларды талдау, корпорацияның нақты инвестициялық жобаларына және қаржылық активтеріне баға беру.

Осы үш негізгі бағыт арқылы көрініс табатын қаржылық саясат және стратегиялық міндеттер келесілер болып табылады:

- Экономикалық өсудің қайнар көзі ретінде пайданы максималдап отыру;
- Капиталдың құнын және құрылымын оптимизациялау, корпорацияның іскерлік активтігін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Меншік иелеріне (акционерлер, қатысушылар, инвесторлар және несиеленушілерге) арнап корпорацияның қаржылық жағдайын анық және нақты түрде хабардар етіп отыру;
- Корпоративті бағалы қағаздар эмиссиясы, қаржы лизингі, жобалық қаржыландырулар көмегімен капитал өсуінің рыноктық механизмін қолдану;
- Корпорация қызметінің алдыға қойған мақсаттарына, рыноктық экономикадағы және бәсекелік ортадағы тұрақтылығына, корпорацияның одан әрі даму болашағына түсу жолдарын қарастыру мақсатында “қаржылық менеджмент” негізінде қаржыларды тиімді басқару механизмін қолдану.

Нақты инвестицияларды қаржыландыру көздерін жалпы барлық экономика деңгейінде (макродеңгейде және шаруашылық (микродеңгей) қарастыру қажет. Макродеңгейде мұндай қаржыландыру көзі ретінде жалпы жинақтар, яғни тұрғындардың жеке жинақтары, бизнес жинақтары және мемлекеттік бюджеттің сальдосы қарастырылады.

Жалпы жинақтар – бұл тұтынуға жұмсалмаған (тұтынуға мемлекеттік шығындар да жатады) барлық ұрғамның ағымдағы табысының бір бөлігі және бұл инвестициялаудың қаржылық негізін құрайды.

Жалпы мемлекет көлемінде жалпы инвестициялар мен жинақтар бірдей дауға болады. Жалпы жинақтар мен инвестициялардың бірдейлілігі, бөлек экономика секторларында басқаша болуы мүмкін. Дамыған несиелік-

қаржылық жүйе жағдайында жинақтардың несі жеке тұлғалары екендігінің принципалды маңызы жоқ, себебі, бұл қаражаттар қаржы қорларында несиелеу операцияларында мобилизацияланады/18/.

Өтімділіктің екі тұжырымдамасы белгілі. Бірінші тұжырымдама бойынша өтімділік: "кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша төлеу қабілеттілігі", - деп жазады. Дәл осынысымен, оның пікірінше, өтімділік төлеу қабілеттілігінен өзгешеленеді.

Кәсіпорынның өтімділігі шын мәнінде баланс өтімділігін көрсетеді. Сондықтан кәсіпорынның төлем қабілеттілігін бағалау үшін бухгалтерлік баланстың көрсеткіштерін тереңінен зерттеу керек.

Кесте 11 - Активтердің өтімділігі бойынша топтастыру
(2007-Объект «Сросис Multimedia Services» ЖШС)

МҰҢҒТ.

Активтер	2007 жыл	2008 жыл	Ауытқуы
I Өтімділігі өте жоғары активтер			
» Ақша қаражаттар	15354975	5768425	-9586550
» Қысқа мерзімді қаржылық инв. есепдемелер			
БАРЛЫҒЫ	15354975	5768425	-9586550
II Тез өтетін активтер			
» Дебиторлық қарыз	884000	10021543	9137543
» Басқа да аяқталмайтын активтер	12521816	1012	-12520804
» салықтық активтер	1860998	14291	-1846707
БАРЛЫҒЫ	15266814	10036846	-5229968
III Балау өтетін активтер			
» ТМҚ	2001	4781	2781
» Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар	-	-	-
» Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз	-	-	-
БАРЛЫҒЫ	2001	4781	2781
IV Құнын өтетін активтер			
» Инвентарлық емес активтер	-	-	-
» Негізгі құралдар	-	325461	325461
» Аяқталмаған құрделі құрылым	-	-	-
БАРЛЫҒЫ	-	325461	325461

«Сросис Multimedia Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің активтерін өтімділігі бойынша топтастыру жоғары активтер жыл басында 15354975 мың теңгеге, 2008 жылы 5768425 мың теңгеге ке болды. Ал тез өтетін активтер 2007 жылы 15266814 мың теңге, 2008 жылы 10036846 мың теңге. Балау өтетін активтер жыл басында 2001 мың теңге, жыл аяғында 4781 мың теңгені көрсетті. Құнын өтетін активтер 2007 жылы 325461 мың теңге, ал есепті жылы 325461 мың теңге көлемде өзінің үлесін қосты. Осымен келесі топтастыру міндеттемелері мен капиталды топтастыру болып табылады.

Қорытынды

Ұзақ мерзімді активтердің есебі мен талдауы атты курстық жұмысты қорыта келе менің ойымша қандай бір қоғамның қолда бар қаражаттары мен мүліксіз табысқа және қаржылық нәтижеге жету мүмкін емес.

Сондықтан ұзақ мерзімді активтер есебіне талдау жүргізу арқылы бастан кешкен кемшіліктерді болашақта қайталанбау үшін және өздерінің қысқа мерзімді міндеттемелерін уақытында қайтаруға, талдау нәтижесінде жетістікке, табысқа жетуіне жол салады.

Қаржылық менеджерлер активтерді өтімді болып табылуына жол қарастыру керек. Осы «Crocus Multimedia Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің балансты талдау кезінде өтімділігі жоқ болып шықты. Сондықтан осы сияқты талдау нәтижелерін дұрыс пайдалану үшін есептік көрсеткіштерге аудиттік тексеру мен талдау жасалады.

Нарықтық экономика жағдайында, болатын қатап бәсекелестік күресте, табыс пен кәсіпорынды сақтап қалудың басты факторы болып, кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижесі саналады, ол үшін осы аталған жағдайдың мәні туралы дер кезінде және сенімді ақпарат қажет.

Тал осындай ақпараттың басым көпшілігі бухгалтерлік есептің ендігіне тиетіндігіне дау жоқ. Сондықтан да, бухгалтерлік есепті кейде бизнестің қаржылық тілі деп те атайды. Бұл арада қажет ақпараттармен қамтамасыз ету көп жағдайда, бухгалтерия қызметкерлеріне жүктелетіндігі белгілі. Сонымен қоса, олар есепті оңайлатуға, салық жүйесінің талаптарын орындауға, нормативтік актілерді қатаң сақтауға, басшыға берілетін мәліметтердің дәл және анық болуына жауапты болып келеді.

Экономиканың барлық саласындағы кәсіпорындардың келері мен еңбек ұжымдары шықсат пен материалдарды ұжымды жұмсауға, өндіріс қалдықтарын азайтуға, оның сапасын көтеруге, өзіндік құнын төмендетуге, қоршаған ортаны сақтауға мүдделі. Бұл орайда шаруаға қырсыздықпен қарауға, кәсіпорынның материалдық құндылықтарын, ақша қаражаттарын және басқа ресурстарын зақсыз және тиімсіз жұмсауға және тонауға қарсы күресте бухгалтерлік есептің атқарар рөлі ерекше.

Борыштардың қайтарылуының жинақталған көрсеткіші айналымдағы қаржы болып табылады. Активтердің өтімділік көрсеткіштері, нақты ақша қаражаттарының айналуын сипаттайтын жылдамдығы, яғни бұл да, сол айналымдағы, активтер сапалық және өтімділік көрсеткіші оның айналымдылығы болуы мүмкін.

Аудитор кезеңнің соңындағы активтердің ең соңғы мәліметтеріне назар аударады. Ұзақ мерзімді активтер айналым көрсеткіштері бірнеше кезеңдердің ала бойынша орташа шартта қаралған мәліметтерімен салыстырылады. Нақты айналымның шарттық жағдайы бойынша есептен шығарып аны мен салыстыру сатып алушылардың уақыты төлеу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Нақты айналымның шоттарыдан ауытқуы борышкерден қайтаруды талап етудің нашар жүргізілгендігін жауапты

тұлғалардың жүргізген жұмыстарына қарамастан бұл сомаларды алудың қиынға түсуінің сатып алушының қаржысының тапшылығының салдарынан болуы мүмкін.

Осымен «Сюсис Multimedia Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болашақта ұзақ мерзімді активтерді ұлғайтуға қаржы мамандары тәжірибе алмасуды қажет етеді. Және де балансты өтімді деңгейге жеткізуге және қаржылық тұрақтылықты сақтауға қажетті шараларды қолдануды талап етеді. Әрине қысқа және ұзақ мерзімді активтердің рөлі көп екендігін білеміз, сондықтан да қаржылық еселтіліктің халықаралық стандартына көшумен байланысты шетелдік тәжірибелі жұмыстары мен ғылыми жетістіктерді пайдалану және білікті, білімді мамандармен қамтамасыз етуге назар аударса жөн болар. Курстықдық жұмыстың жоспарында көрсетілген қарастырылатын сұрақтар толық ашылды деп қорытындылауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» 2008 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының №234-ІІІ заңы.
2. Қазақстандағы аудиттің қалықаралық стандарттары. «Ішкі аудит қызметінің жұмыстарын қарастыру» Т.1. Алматы, 2002ж.
3. Абрюткина М.С. «Финансовый анализ коммерческой деятельности» Финансовый менеджмент Москва «фин пресст» 2003г.
4. Әбдімананов Ә.Ә. «Бухгалтерлік есеп теориясы және принциптері» - Алматы: АИАН, 2002ж.
5. Дүйсенбаев К.Ш., Егембердиева С.К. «Анализ финансовой устойчивости предприятия» // Библиотека бухгалтера и предпринимателя-2005-№21
6. Кеуілжанова Қ.К., Құдайбергенов Н.А. «Қаржылық есеп» Алматы: Экономика, 2002 ж.
7. Көкенов У.Ж., Көкенов Ф.У. «Кәсіпорындардың бухгалтерлік есепі» Алматы: Рауан, 1992ж.
8. Тауштанова Н.Н., Жумабекова Г.Ж. «Учет нематериальных активов» Бюллетень бухгалтера-1997-№5.
9. Дробазина Л.А. Финансы. Учебник для вузов. – Москва: Приор, 2000. – 527с.
10. Дюсембаев К.Ш. Анализ финансового положения предприятия. Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 1998. – 184 с.
11. Құлшыбаев С. Қаржы. Оқу құралы. – Алматы, Мерей, 2000. - 154 бет.
12. В.В.Бочкаров Корпоративные финансы. – СПб: Питер, 2002. – 544 с.
13. Жүйрімов К.К.: Финансы предприятий в условиях рынка.-Алматы, 2002, 64-63б.
14. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Ә.Т., Жұмғалиева Ж.Г. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдау / Оқу құралы. –Алматы: Экономика. 2001 – 230 б.
15. Ван Хорн Дж.К. Основы управления финансами: Пер. с англ. / Гл. ред. серии Я.В. Соколов. - М.: Финансы и статистика, 1997. - 800 б.
16. Уткин Э.А. Финансовое управление. - М.: Финансы и статистика, 1996. – 307б
17. Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент. -М.: Перспектива, 1994 – 193б
18. Ковалев В.В. Финансовый анализ. Управление капиталом. Анализ отчетности.-М.: Финансы и статистика, 2006.– 634 - 38.
19. Павлова Л.Н. Финансовый менеджмент в предприятиях и коммерческих организациях. Управление денежным оборотом. - М.: ИНФРА-М, 2002. – 392б
20. «Syosus Multimedia Services» ЖШС-нің қаржы-шаруашылық қызмет мәліметтері, - 2007-2008 жж.